

**Астана Халықаралық университеті мен
«Қасым Қайсенов атындағы №27 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК арасындағы
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ**

« 17 » 01 2025 ж.

Бұдан әрі «Білім беруші ұйым» деп аталатын «Астана Халықаралық университеті» ЖШС атынан, университет жарғысы негізінде әрекет ететін Бірінші вице-президент Анар Базаровна Мырзагалиева, бір жағынан, бұдан әрі «Мекеме» деп аталатын, «Қасым Қайсенов атындағы №27 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК, екінші жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Канат Слямгазинович Байсалбаев атынан, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Ынтымақтастық мақсаттары:

1.1 Тараптар арасында білім беру, ғылыми-зерттеу және өндірістік қызмет салаларында өзара тиімді байланыстар орнату.

1.2 кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелеріндегі өзара іс-қимыл (кәсіптік практикадан өту үшін алаң ұсыну).

2. Ынтымақтастық бағыттары:

2.1 «Педагогикалық ғылымдар» бағыты білім беру бағдарламалары бойынша бакалаврларды, магистрлерді және PhD мамандандырылған докторларды даярлауды іске асыру (1-қосымша).

2.2 Озық педагогикалық тәжірибе мен үздік педагогикалық практикаларды трансляциялау бойынша үздік шетелдік және отандық менторларды тарта отырып, бірлескен іс-шаралар өткізу.

2.3 Білім беру саласында бірлескен жобаларды әзірлеу және іске асыру және интеграцияланған инновациялық әдістемелер мен технологияларды қолдану.

2.4 Білім беру саласында зерттеу жүргізу үшін алаң ұсыну арқылы мекеме қызметін ғылыми сүйемелдеу саласындағы ынтымақтастық.

2.5 Білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканы және ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруға жәрдемдесу.

2.6 Бірлескен ғылыми жұмыстарды, әдістемелік ұсынымдарды, оқу құралдарын, мақалаларды және т. б. әзірлеу және жариялау.

2.7 Тараптардың ұсыныстарының түсуіне қарай басқа да өзара тиімді байланыстар.

3. Тараптар міндетіне алады:

3.1 «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және іске асыруға қатысу.

3.2 Студенттерге, магистранттар мен докторанттарға консультациялар беру, дәрістер оқу, білім беру бағдарламаларын, кейстерді сараптауға, қорытынды аттестаттауға қатысу үшін жоғары білікті практик-мамандарды тарту.

3.3 еңбек жинақтарын бірлесіп шығаруды жүзеге асыру, сондай-ақ ғылыми және әдістемелік еңбектерді әр тараптың мерзімді немесе өзге де ғылыми басылымдарында жариялауға, оқушылардың ғылыми жобаларын басқару бойынша бірлескен жұмысқа және т. б. мүмкіндік беру.



3.4 қосымша уағдаластыққа сәйкес студенттердің, магистранттардың және докторанттардың педагогикалық, өндірістік, ғылыми-зерттеу практикасын ұйымдастыру.

4. Шарттың қолданылу мерзімі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

4.1 Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа Тараптардың өкілетті өкілдері қол қоятын және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларды жасау жолымен жазбаша нысанда рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4.2 Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, Тараптардың бірі екінші Тарапқа жіберілген жазбаша хабарлама арқылы оның қолданылуын тоқтатуға тілек білдіргенге дейін қолданылады.

4.3 Ынтымақтастықтың әрбір бағыты бойынша тараптардың міндеттемелерін іске асыру қосымша жасалатын келісімдермен айқындалады және нақтыланады.

4.4 Осы Шартты түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

4.5 Осы шартқа екі данада қол қойылды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар, Тараптардың әрқайсысына бір-бір данадан беріледі.

5. Тараптардың деректемелері және қолдары

Білім беру ұйымы:	Мекеме:
«Астана Халықаралық университеті» ЖШС	«Қасым Қайсенов атындағы №27 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
010000, Астана қаласы, Есіл ауданы Кабанбай батыр даңғылы, 8 БИН 180440034965 ИИК KZ788562203115901931 БИК KСJBKZKX ДБ АО «Банк Центр кредит» Тел: 8(7172) 243668	010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Т. Хусейн, 5/1 БИН 840940000016 ИИК KZ8696503F0011661529 БИК IRTYKZKA «ForteBank» АҚ Тел: 8(7172) 501756
Бірінші вице-президент:  А.Б. Мырзағалиева (КОЛЫ) М.О.	Директор:  К.С. Байсалбаев (КОЛЫ) М.О.

«Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша Астана Халықаралық университетінің бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларының тізімі

Бакалавриат

- 6B01101 – «Педагогика және психология»
- 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
- 6B01204 – «Мектепке дейінгі білім беру» (IP)
- 6B01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
- 6B01304 – «Бастауыш білім беру» (IP)
- 6B01401 – «Музыкалық білім беру»
- 6B01402 – «Көркем еңбек және бейнелеу өнері мұғалімі»
- 6B01403 – «Көркем білім» (IP)
- 6B01501 – «Информатика»
- 6B01505 – «Физика»
- 6B01506 – «Математика»
- 6B01502 – «Биология»
- 6B01503 – «Химия»
- 6B01504 – «География»
- 6B01601 – «Тарих»
- 6B01603 – «Тарих және қоғамтану» (IP)
- 6B01701 – «Шет тілі: екі шет тілі»
- 6B01702 – «Орыс тілі мен әдебиеті»
- 6B01712 – «Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті» (IP)
- 6B01707 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
- 6B01709 – «Ағылшын тілі және бастауыш сынып мұғалімі»
- 6B01710 – «Ағылшын және орыс тілі мұғалімі»
- 6B01901 – «Арнайы педагогика»

Магистратура

- 7M01501 – «Информатика»
- 7M01505 – «Физика»
- 7M01511 – «Математика»
- 7M01502 – «Биология»
- 7M01503 – «Химия»
- 7M01504 – «География»
- 7M01701 – «Шет тілі: екі шет тілі»